## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 шілде N 830. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.* N 578 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 3-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) экспорты лицензия бойынша жүзеге асырылатын экспортталатын тауарлардың тізбесінде:

мына жол:

"Дәрі-дәрмек, медициналық техника 2936, 2939-294200000, 3003-3005, 9018-902000 (902000900-ден басқа) Денсаулық агенттігі"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Рентген жабдығы, радиоактивті заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар және жабдық 9022 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі"

2) импорты лицензия бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесінде:

мына жол:

"Дәрі-дәрмектер, медицинаға арналған бұйымдар, медициналық техника (республикаға ізгілік көмек желісі бойынша импортталатын 2936-2939, 2941, 3001-3004, 3006, 9013, 9018-9022 (902111000, 902119100, 902130900 басқасы) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі"

медициналық техниканы қоспағанда)

мынадай редакцияда жазылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "Рентген жабдығы, радиоактивті заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар және жабдық | 9022 | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі". |

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК